



## Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес көркем еңбек пәні бойынша оқушылар арасында 2026 жылдың 12 наурыз күні «Наурыз – ұлттық өнер айнасы» атты аудандық сырттай балалар шығармашылығы көрме-байқауының өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын оқушылардың сұраныстары мен жұмыс материалдары 2026 жылдың 10 наурыз күніне дейін аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға жіберілуін қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

**Ескерту!** Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар мен жұмыстар қабылданбайды.

Қосымша: 2 бет (Байқау ережелері)

**Басшының міндеттерін  
уақытша атқарушы**

**Б.Қ.Самылтыров**

Орындаған: Н.Дархамбекова  
Тел: 2-14-10

**«Бекітемін»**  
**Т.Рысқұлов ауданының**  
**білім бөлімінің басшысының**  
**міндеттерін уақытша атқарушы**  
**Б.К.Самылтыров**  
« 04 » \_\_\_\_\_ 2026ж

## Аудандық «Наурыз – ұлттық өнер айнасы» атты балалар шығармашылығы көрме- байқауының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер:

**1.1.** Аудандық «Наурыз – ұлттық өнер айнасы» атты сырттай балалар шығармашылығы көрме- байқауын ( бұдан әрі көрме-байқау) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттері, оның өткізу тәртібін анықтайды.

### 2. Көрме-байқаудың мақсаты:

**2.1.** Балалар мен жасөспірімдердің көркемдік, дизайнерлік ойлау қабілетін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

### 3. Көрме-байқаудың міндеттері:

- Білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін көрсетуге ықпал жасау;
- Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық потенциалын кеңейту;
- Қатысушылардың көркемдік, ұлттық нақыштағы шеберліктерін көтеру;
- Әр түрлі материалдарды қолдану және әр түрлі техникаларды пайдалануды үйрету;
- Сәндік қолданбалы өнерге және көркем шығармашылыққа қызығушылықтарын арттыру.

### 4. Көрме-байқауды өткізу орны және уақыты

**4.1.** Аудандық көрме - байқау *12 наурыз 2026 жылы* №1 мектеп-лицейі базасында өткізіледі. Мекеме басшыларының қолы қойылған көрме-байқауға қатысу туралы өтінім және жұмыстар *2026 жылдың 10 наурыз күніне дейін* аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Р.Дархамбековаға қабылданады.

### 5.Көрме-байқауға қатысушылар

**5.1.**Орта жас санаты бойынша 5-7 сынып аралығы, жоғарғы жас санаты бойынша 8-11 сынып аралығындағы оқушылар қатыса алады.

## 6. Көрме-байқаудың шарты және тәртібі

6.1. Көрме-байқау келесі номинация бойынша жүргізіледі:

- **Кескіндеме және графика** ( акварель, гуашь, акрил, аралас техника және т.б)
- **Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер** (коллаж, аппликация, жүннен, фетрден, тұзды қамыр, саз балшықтан, ағаштан, металдан және т.б материалдардан жасалынған)
- Көрме-байқауға бір автор бір жұмыс ұсына алады.
- Қатыстырылатын жұмыстар сапалы, жаңа болуы шарт.
- **Алдыңғы жылдары байқауларға** қатысқан жұмыстар бағаланбайды.
- Кешіктірілген жұмыстар және дұрыс толтырылмаған өтінімдер, тақырыпқа сай емес жұмыстар бағаланбайды.

7. Жұмысты бағалау кезінде келесі ерекшеліктер ескеріледі: тақырыпқа байланыстылығы, орындалу техникасының деңгейі, көркемдік безендірілуі.

## 8. Көрме-байқауға қатысушыларды марапаттау

8.1. Әділқазылар алқасы көрме-байқау жұмыстарын бағалау ерекшеліктеріне сәйкес бағалайды. Әділқазылар шешімі хаттамамен рәсімделеді. Жеңімпаздар жас санаты бойынша анықталады.

9. Жеңімпаздар Бас жүлде, I, II және III дипломдармен марапатталады.

## Өтінім үлгісі

Аудандық «Наурыз – ұлттық өнер айнасы» атты балалар шығармашылығы көрме-байқауына қатысуға өтінім

Рет саны	Қатысушының аты-жөні ( толық)	Сынып	Жұмыстың атауы	Номинация ( техникасы)	Жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны